

СӨЙЛЕМ МҮШЕЛЕРІ,
ОНЫҢ
ҚҰРЫЛЫСЫ МЕН ТҮРЛЕРІ

- Қай тілдің болмасын синтаксистік категориялары мен морфологиялық категориялары бір-бірімен өз ара тығыз байланыста болады. Сөз синтаксистік қызметі мен басқа сөздермен арадағы қатынасын сөйлем құрамында ғана көрсетеді. Кейде сөздің лексикалық мағынасының өзі де сөйлем құрамы арқылы айқындалады.
- Сөйлем белгілі бір ой желісін білдіріп, тыңдаушы жұртқа түсінікті болу үшін, ондағы сөздер өз ара берік синтаксистік байланыста тұруы тиіс. Сөйлемдік қоршаудағы әр сөз өзіне лайықты орында тұруы және жалғау, шылау сияқты дәнекерлік қызмет атқаратын тұлғаларды дұрыс қабылдауы керек. Осы талаптар орындалмаса, сөйлемдегі сөздер өз ара берік байланыса алмайды да, айтылған ой түсініксіз болады. Демек, айту, тыңдау процесі өз мақсатына жете алмайды.
- Сөйлем құрамына енген сөздерді өз ара таптастырғанда, оның ролі мен маңызы ескеріледі. Осы тұрғыдан қарағанда, сөйлем мүшелері өз ара тұрлаулы, тұрлаусыз болып екі топқа бөлінеді.
-

- **Сөйлем мүшелері** – сөздердің мағыналық тұрғыдан өзара тіркесуі нәтижесінде синтаксистік қызметте жұмсалатын сөйлемнің дербес бөлшектері. Сөйлемдегі сөздер бір-бірімен мағыналық байланыста болады, сол байланыс негізінде грамматикалық мағынаға ие болған сөздер, сөз тіркестері сөйлем мүшелері қызметін атқарады. **Сөйлем мүшелері** қызметінде сөйлемнің дұрыс құрылуының, әр сөздің өз орнында жұмсалуды мен ой желісі, стильдік жағынан нақты болуының орны ерекше. **Сөйлем мүшелері** үлкен екі топқа бөлінеді:
 - **тұрлаулы мүшелер** (бастауыш, баяндауыш);
 - **тұрлаусыз мүшелер** (анықтауыш, толықтауыш, пысықтауыш);

СӨЙЛЕМНІҢ ТҰРЛАУЛЫ МҮШЕЛЕРІ

Сөйлемдегі айтылған ойдың негізі, сөйлемдік құрылыстың ірге тасы — бастауыш пен баяндауыш.

Сөйлем аяқталған ойды білдіре отырып, белгілі бір заңдылықпен тізіледі. Ол ойды көрсетуге қажетті бөліктерден, сөз тіркесінен тұрады. Осындай бөліктер сөйлем мүшелері деп аталады. Сөйлемдегі аяқталған ой бастауыш пен баяндауыш арқылы беріледі. Ал, сөйлемнің анықтауыш, толықтауыш, пысықтауыш мүшелері бастауыш пен баяндауыш білдірген негізгі ойды тереңдете, кеңейте түседі. Солай болғандықтан да, анықтауыш, толықтауыш, пысықтауыш сөйлемнің тұрлаусыз мүшелері деп аталады.

СӨЙЛЕМНІҢ ТҰРЛАУЛЫ МҮШЕЛЕРІ —
БАСТАУЫШ ПЕН БАЯНДАУЫШ — ӨЗ АРА
ҚИЫСА БАЙЛАНЫСА КЕЛІП,
ПРЕДИКАТИВТІК СӨЗ ТІРКЕСІН ҚҰРАДЫ.
ПРЕДИКАТИВТІК СӨЗ ТІРКЕСІ СӨЙЛЕМ
АТАУЛЫНЫҢ НЕГІЗІ, АРҚАУЫ, ЖЕЛІСІ
БОЛЫП ЕСЕПТЕЛЕДІ. Б А Я Н Д А У Ы Ш
ДЕГЕНІМІЗ БАСТАУЫШТЫҢ ТУРА КӨ-РІНІСІ.
БАСТАУЫШ ПЕН БАЯНДАУЫШТЫҢ
ҚОСЫНДЫСЫ — СӨЙЛЕМ АТАУЛЫ-НЫҢ
НЕГІЗІ, ҚАҢҚАСЫ, ҰЙТҚЫСЫ. БІРАҚ
БАСТАУЫШ ПЕН БАЯНДАУЫШ ӨЗ АРА
БАРА-БАР ТЕПЕ-ТЕҢ ДЕУГЕ БОЛМАЙДЫ.
ОЛАРДЫҢ ТЕНДІГІ ДИАЛЕКТИКАЛЫҚ
ТЕНДІК.ӨЙТКЕНІ ОЛАР БЕЛГІЛІ ДӘРЕЖЕДЕ
БІР-БІРІНЕ ҚАРАМА-ҚАРСЫ. БАЯН-ДАУЫШ
БАСТАУЫШҚА БАҒЫНАДЫ. БАСТАУЫШ
ПЕН БАЯНДАУЫШ БІРЛЕСІП БАРЫП
АЙТЫПҒАН ОЙЛЫ АЯКТАП ТИЯНАКТАЙДЫ

Бастауыш

Бастауыш — сөйлемнің негізгі, басты, өзекті мүшесі. Ол грамматикалық жағынан сөйлемнің басқа мүшелеріне тәуелсіз, бағыныш-сыз болады. Бастауыш — сөйлемнің тұрлаулы мүшелерінің бірі. Ол сөйлемде айтылған ойдың синтаксистік субъектісі. Бастауыш зат есімнен, сын есімнен, сан есім мен есімдіктен жасалады. Есімше мен тұйық рай сияқты етістік тұлғалардан да бастауыш жиі жасала береді.

Бастауыштар құрамындағы сөздің көп-аздығына қарай жалаң, күрделі болып бөлінеді. Қазақ тілінде үйірлі бастауыштар тобы да бар.

Ж а л а ң немесе д а р а бастауыштар бір-ақ сөзден жасалады. Күрделі бастауыш бірнеше сөздер тобынан жасалады. Оның құрамында ең кемі екі сөз болады. Күрделі бастауыш мына жолдармен жасалады:

1. Кісінің фамилиясы, аты, азамат, жолдас сияқты қосалқы айқындауыштармен тіркесе келіп, күрделі бастауыш жасайды: *Ты-ныбаев Алғырбай жолдас домбырамен бірнеше күй орындап берді. Азамат Қаңтарбаев Мақажан жақсы істің бастамасын жасап отыр.*
 2. Ілік септіктің жасырын түріндегі сөз үшінші жақтық, тәуелдік жалғаулы сөзбен тіркесе келіп күрделі бастауыш жасайды: *Мекеместігі қызметке келді. Американың Құрама Штаты — империалистік мемлекет.*
 3. Маңы, іші, жаны, қасы, алды, арты, бойы сияқты көмекші есімдермен тәуелдік жалғаулы сөздер тіркесе келіп күрделі бастауыш жасайды: *ауылдың маңы. — терең сай. Балалар шуы су сепкендей басылды.*
 4. Жіктеу мен өздік есімдіктері тіркесе келіп, күрделі бастауыш жасайды: *Ол өзі осыны мойындағалы тұр еді. Мен өзім де сізден осыны сұрағалы отыр едім.*
- Бұл жағдайда жіктеу есімдігіндегі ілік септік ашық, не жасырын түрде тұра береді.
5. Бірнеше сөзден құралған күрделі жалқы есімдер күрделі бастауыш қызметін атқарады: *Қазақ ССР Оқу министрлігі биылғы жылдың өзінде ондаған жаңа мектеп ашты. Коммунистік партия — заманымыздың ақыл-ойы, ар-ұяты, дана көсемі.*
 6. Субстантивтенген есімдер тобы күрделі бастауыш қызметін атқарады: *Қарабесті бәйгенің алдын бермеді. Күрең қасқа аты тұр екен.*
 7. Негізгі және көмекші, етістіктер тобы мен есімдер бірлесе келіп күрделі бастауыш болады: *Күле беру ыңғайсыз. Оның ай-тып отырғаны — орынды мәселе.*
 8. Кісі аты, не жіктеу есімдігі жинақтау сан есімдерімен тіркесе келіп, күрделі бастауыш жасайды: *Асқар екеуіміз айтып отырмыз. Біз үшеуіміз мәселені дұрыс шештік деп ойлаймыз.*

Үйірлі бастауыштың қалыпты жай бастауыштардан басты айыр-машылығы өз ішінен мүшелік жіктерге сараланып бөлінетіндігінде, Олар бастауыштың қызметі мен мағынасына бастауыш роліндегі өз анықталушысының түсіп қалуы арқылы ие болған. *Әлі жетпеген — ә құдайшыл* (Мұстафин).

Бұл мысалда үйірлі бастауышқа анықталушылық қызмет ат-қаратын *адам* сөзі түсіп қалған. Сондықтан сөйлемдегі субъектілік мән оның үйірлі анықтауышына көшкен. Үйірлі анықтауыштардың осындай орынбасарлық қасиетінің арқасында ғана анықталушы түсіп қалады.

Үйірлі бастауышты аяқтап тұрған есімшелер не жалғаусыз, не көптік, тәуелдік жалғауларының бірінде, кейде екеуінде де айтыла-ды. *Жиылып тұрғандардың арасында әлі де ашуы қайтпағандары нұкып кетіп жүр*

Баяндауыш

Баяндауыш та бастауыш сияқты сөйлемнің тұрлаулы мүшелерінің қатарына жатады. Ол, көбінесе, жіктік жалғауында тұрады. Баян-дауыш, негізінде, бастауышпен жақтық және жекеше, көптік жағынан қиыса айтылады. Солай болғандықтан да жіктік жалғауды баяндауыштық көрсеткіш деуге де болады.

Қазақ тілінде баяндауыш барлық сөз табынан жасала береді.

Зат есімнен болған баяндауыштар: *Қарттың аты — Амантай* (Мұқанов). *О с ы — Тереңсайдың тұсы* (Әуезов).

Қазақ тілінде зат есімнен болған дара баяндауыш I—II жақта жіктік жалғауын қабылдайды: *Мен ж а з у ш ы м ы н. Сен ж а з у - ш ы с ы ң. Ол ж а з у ш ы.*

Сын есімнен болған баяндауыштар: *Абайдың түсі құцұп-қу* (Әуезов). *Бұл балаға абайлап қарасам, сонша е с т і б а л а к е с -к і н д і* (Ыбырай).

Сан есімнен болған баяндауыштар: *Кореяның территориясы — 220 мың к в а д р а т километр* («Соц. Қаз.»). *Бес жердегі бес — жи- ы р м а б е с.*

Есімдіктен болған баяндауыштар: *Сен — к і м с і ң? Оның жасы қ а н ш а д а?*

Баяндауыш қызметін жиі атқаратын, негізінен алғанда, сұраулық есімдіктер.

Баяндауыш ролінде жиі қолданылатын сөз табы — етістіктер және оның есімше, көсемше тұлғалары: *Рахмет біраз о т ы р д ы* (Ерубәев). *Арада жеті-сегіз күн өттi* (Әуезов).

Дара және күрделі баяндауыштар

Жеке бір сөзден болған баяндауышты дара баяндауыш деп атай-мыз: *Аспанды бұлт торлады. Жел басылды. Жарқ-жұрқ шақпақ шағылды. Көп ұзамай жауын басылды.*

Бірнеше сөзден құралып, бір-ақ ұғымды білдіретін баяндауышты күрделі баяндауыш дейміз. Олар бір-ақ сұрауға жауап береді. Күрделі баяндауыштың құрамында ең кемі екі сөз болады: *Парторг Иванов "Ойлан ып қалды" (Нүрпейісов). Айжан оған Айбаладан кем болған жоқ (Мұқанов). Ауылымыз бұл арадан он-он бес километр (Бақбергенов).*